

# ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ КУРЬЕР INT

Республиканская общественно-экологическая газета

К а з а х с к о е  
О б щ е с т в о  
О х р а н ы  
П р и р о д ы

№ 22 (760) 16 - 30 ноября 2023 года · Издаётся с января 1991 год

Экологическая газета  
на государственном  
языке

АТАМЕКЕН KZ №22 (427)

## УСПЕШНОГО РАЗВИТИЯ ОТРАСЛИ

*В сравнении с 2020 годом, количество рыбоводных хозяйств увеличилось более чем в 2 раза и достигло 383. Выращивание рыбы увеличилось с 9 тысяч тонн до 19 тысяч тонн. Об этом сообщил министр экологии и природных ресурсов РК Ерлан Нысанбаев, передаёт корреспондент BaigeNews.kz.*

техники и оборудования, а также возмещение затрат на основные компоненты для выращивания рыбы, а именно приобретение кормов, мальков и лекарственных препаратов”, - сказал министр.

Так, в 2023 году на субсидирование предусмотрено 4,1 миллиардов тенге, что в 4 раза больше, чем годом ранее. В рамках отраслевой Программы ежегодно объемы средств, выделяемых из бюджета на субсидирования, будут увеличиваться.

Нысанбаев отметил, что создаются благоприятные условия для бизнеса. В частности, расширяются меры господдержки в виде субсидирования производственных и инвестиционных затрат, упрощается перевод промысловых водоемов в статус рыбоводных, снимаются ограничения по

## МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ

*Резерват для тюленей будет создан в качестве самостоятельного юридического лица, сообщил министр экологии и природных ресурсов РК Ерлан Нысанбаев на брифинге в Службе центральных коммуникаций при Президенте РК.*

разработка технико-экономического обоснования.

*“Результаты будут известны в конце текущего года. Резерват будет создан в качестве самостоятельного юридического лица в июне 2024 года”, - сообщил Ерлан Нысанбаев.*

• Для активизации работы по пресечению незаконного рыболовства на Каспийском море в марте 2023 года Министерством экологии и МВД утвержден совместный план по

## Когда создадут резерват для тюленей?

Спикер уточнил, что касательно

борьбе с браконьерством на акватории



жүретін сүрлеулеріне қарап, санаққа қатысушылардың бақылау орыны қойылады. Санақ барысында қорық қызметкерлері, ғылыми бөлім, күзет инспекторлары, туризм бөлімдерінің

деректерін және санақ нәтижелерін есептеу арқылы қортынды шығарылады.

**ДЖУНУСПАЕВ Б**  
**Қорық қызметкері**

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

*Маңғыстау облысы бойынша балық инспекциясы басқармасынан Түпқараған түбегінің жағалауында Каспий итбалықтарының мейіттері шығып жатқандығы туралы хабарламасы келіп түсті. Жағдайды бағалау және сынама алу үшін Гидробиология және экология институтынан шұғыл экспедиция жіберілді.*

## Каспий итбалықтарының өлімін зерттеу

Институт қызметкерлері келгенге дейін, Түпқараған ауданының әкімдігі табылған барлық 51 дана көлеміндегі мейіттерді Баутино кентінің жанындағы полигонда сынамалар алып, сосын мейіттерді жою үшін жинап қойған. Түпқараған түбегіндегі полигонда сонымен қатар қатты ыдырау сатысында 75

дана бекіре тұқымдас балықтар жиналған.

Итбалықтар мен балықтардың өліктерінің жағаға шығуы 10-11 қазанда солтүстік және солтүстік-батыстан қатты соққан желдің салдарынан орын алған көрінеді. 17–19 қазан аралығында Институт қызметкерлері 47 данадан мейіттердің денесінің ұзындығын өлшеп, 42 өліктен жасын анықтау үшін сынамалар алды.

Қаражамбас (Бозащы түбегі) учаскесінде 16–17 қазанда балық инспекциясы тағы 48 итбалық мейітін тапты. 20 қазанда Институт қызметкерлері осы учаскеге келіп, 10 дана мейіттен жасын анықтау үшін сынамалар алды.

Екі аймақтан табылған итбалықтардың барлық мейіттері қатты ыдырау сатысында болды. Мейіттерде балық ауларының іздері мен механикалық зақымданулар табылған жоқ. Өлімнің себебін анықтау мүмкін болмады. Каспий итбалықтарының өлімін зерттеу жұмыстары Маңғыстау облысы

бойынша балық инспекциясы басқармасымен бірлесіп жүзеге асырылды.

**Зерттеуді Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі қаржыландырады (грант № br10264205).**

*ұйымдасстыруымен №182 жалпы білім беретін мектеп №188 мектеп-гимназиясының оқушыларының қатысуымен өтті.*

Шара барысында оқушылар «Болашақ» және «Қар барысы»

## ЫРҒЫЗ – ТОРҒАЙ

*Халықаралық маңызы бар далалық экожүйе мен сулы-батпақты алқапты ұштастырған ерекше қорғаудағы аумақ, ол - «Ырғыз-Торғай резерваты».*  
*Бұл жерде құстардың 127 түрі ұшып өтетін, 123 түрі ұялайтындар болып, 19-отрядқа, 48-тұқымдасқа бөлінеді.*

## Құстарға жүргізілетін мониторинг

Осы қанатты тіршілік иелерінің 10 түрінің қысы-жазы мекендеу ортасы «резерват территориясы». Бұл өңірде құрғақ континентальдық климат қалыптасқан. Жазда жылы, шөл даланың құрғақ субтропикалық ауасы кедергісіз еркін жетеді, ал қыста Ырғыз өңірі сан ғасырдан бері табиғи ылғалдың жеткіліксіздігімен, ыстық та қуаң не қара суықты ауа райымен,

№182 жалпы білім беретін мектеп командасы «Қар барысы» тобы бас жүлде, №188 мектеп-гимназиясының тобы «Болашақ» I орынды иеленді. Өлемде өте сирек кездесетін және жойылып бара жатқан қар барысын сақтап қалу, жұртшылықтың назарын аудару мақсатында өткізіледі. Қазақстан халқының басым бөлігі, екіншіке қарай, қар барысының популяциясын сақтаудың маңыздылығы мен оның жойылу себептері туралы біле бермейді.

аңызак не аязды желімен, шаңды дауылымен, ылғалдың ауаға қарқынды булануымен, оған керісінше жер бетіне түсетін атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің мардымсыздығымен ерекшеленеді, яғни жазы ыстық, қуаң болса, қысы қарлы, аязды келеді.

Ырғыз-Торғай өлкесі Қазақстан және Орта Азия бойынша «Маңызды орнитологиялық территориялар» қатарына енгізілген сулы-батпақты өлкесі бар аумақ. Жыл сайын Қазақстан жері арқылы 50 млн-нан астам жыл құстары қоныс аударатын болса, содан 1,5 млн-дай құс осы Ырғыздың сулы-батпақты алқаптары арқылы өтіп, 100 – ден астамы ұя салып өсіп-өнеді.

Торғай мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумалы территориясындағы суы бар жерлерде су және су маңын мекен ететін сонымен бірге, далалық жерлерде кездесетін құстарға жыл бойы тұрақты бақылау жұмыстары жүргізіліп, құстардың алғашқы ұшып келу уақыты, топтасып келу мерзімі және күзгі соңғы ұшып кету мерзімдеріне мониторинг

қалу шаралары жүргізіліп тұрады. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулер, браконьерлікке қарсы іс-қимыл, қар барысы мекендейтін орындардың қорғалуын күшейту, экологиялық ағарту, ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Сирек кездесетін жануарларды қорғап, оларды сақтауға атсалысайық.

**САДЕКОВА Г.**  
**Ақсай филиалының эколог-ағартушысы**

жасалынады. Оның ішінде, Қызыл кітапқа өнген құстар ерекше назарда. Ырғыз-Торғай резерваты аумағындағы Қазақстан бойынша және өлемдік маңызы бар, Қызыл Кітапқа өнген құстарға далалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Жалпы резерват және қаумал территориясында Қазақстанның Қызыл кітабына 34, ал, Халықаралық Қызыл кітап тізбесіндегі 15 құс түрлері кездеседі.

ЕҚТА орнитофаунасына мониторинг үздіксіз жүргізіледі. Әдістемелерге сәйкес мерзімде құстардың көктемгі, күзгі есебі жүргізіліп, сарапталынады. «Табиғат жылнамасы» кітабына жылдық қорытынды деректер, диаграммалар мен құстардың

таралу карталары енгізіліп келеді.

Туған табиғатты қорғап, көркейтуді, оны ұрпақтан ұрпаққа жұтатпай

жеткізуді көздеген бұл игілікті іс, баршамыздың аянбай ат салысуымыз керектігін білдіреді.

**Б.ӘБДИНӘБИҚЫЗЫ**  
**аға ғылыми қызметкері**